21824016230

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# Ш Е Ш І М

2024 жылғы 9 қазан №4360-24-00-2/2384 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Қ.М.Бержанов,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электронды форматтағы азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің Қызылорда облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі

**ЖАУАПКЕР**:
«Baiterek Capital» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**
1.Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2.Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**
АПК-нің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа алып,сот

**ШЕШІМ ЕТТІ**:
Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің Қызылорда облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Baiterek Capital» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Baiterek Capital» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Baiterek Capital» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына тұрақсыздық айыбы 5 999 (бес мың тоғыз жүз тоқсан тоғыз) теңге және сот шығыны мемлекеттік баж алым сомасы 2 026 (екі мың жиырма алты) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 09.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 18.11.2024, судья Бержанов К. М., 18.11.2024

4360-24-3-1/2484

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 09.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 18.11.2024, судья Бержанов К. М., 18.11.2024

егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

**Судья** **Қ.М.Бержанов**

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство